

ТУУЫ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ПЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

Сейсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын

Ісімізге зиянды және хауіпті тоқмейілділік және табысқа масаттанушылық пиғылдарын, сәнпаздық және жайбарақаттық белгілерін біржолата жою, жұмысымыздағы кемшіліктерді батыл ашып жою, төменнен көтерілген өзара сын мен сынды кең өрістету біздің міндетіміз.

ЫЛЫҚ

келешекте де
ның өз ішінде
е бізге жау
дерінің сұр-
далануға ты-

аяси қырағы
ашықауыздық
е болса белгі-
і етіледі. Жау
ылығынан пай
н жердің ба-
тырысатынын

нің хабарлаға-
асы Орталық
іткізілген пле-
ив ұйымдарын-
сындағы елеу-
Республиканың
не сүт өнеркә-
ылары партия
си және іскер-
стеу принцип-
Мұның салда-
не кооператив
ұрылар және

Еңбекшілер депутаттары Петропавл аудандық Советінің депутаттығына КАНДИДАТТАР ТІРКЕУ

1953 жылы 23—29 январь күндері еңбекшілер депутаттары Петропавл аудандық Советінің сайлауын өткізу жөніндегі округтік сайлау комиссиялары «Қазақ ССР Еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің сайлауы туралы Ереженің» негізінде еңбекшілер депутаттары Петропавл аудандық Советінің депутаттығына төмендегі кандидаттар тіркелді:

Берматый Иван Никанорович — 1909 жылы туған, СОКП мүшесі, Сталин атындағы колхоздың председатели, Сталин атындағы ауылшаруашылық артелі мүшелерінің жалпы жыйналысы № 1 Кривоозер сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ұсынған.

Шварц Христьян Готфридович — 1912 жылы туған, партияда жоқ, Петропавл МТС-нің комбайншысы, Сталин атындағы ауылшаруашылық артелі мүшелерінің жалпы жыйналысы № 2 Петерфельд сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ұсынған.

Александров Николай Иванович — 1892

жанды сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ұсынған.

Селантьев Дмитрий Васильевич — 1926 жылы туған, БКЖО мүшесі, аудандық Совет атқомінің мәдени-ағарту мекемелері бөлімінің меңгерушісі, Шақау совхозының жұмысшылары мен қызметшілерінің жалпы жыйналысы № 13 Шақау сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ұсынған.

Рекина Александрда Алексеевна — 1907 жылы туған, партияда жоқ, Ворошилов атындағы колхоздың колхозшы әйелі, Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелі мүшелерінің жалпы жыйналысы № 14 Плесек сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ұсынған.

Савченко Семен Атамович — 1917 жылы туған, СОКП мүшесі, Асанов МТС-нің комбайншысы, Асанов МТС-нің жұмысшылары мен қызметшілерінің жалпы жыйналысы № 15 Асанов сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ұсынған.

Чайко Михаил Григорьевич — 1911 жылы туған, СОКП мүшесі, Асанов МТС-нің директоры, Киров атындағы ауыл-

*Бесінші бесжылдықтың
стахановшысы*

Жылқышы Ақан Есдәулетов



нін, капиталистік қоршаудың сұрқыя агенттері өздерінің дұшпандық әрекетін де солғұрлым залымдық және жауыздық әдістер қолданатынын тарихи тәжірибе үйретіп отыр.

Жеңімпаз социалистік құрылыс жағдайында тап күресі сөнеді дейтін оппортунистік-контрреволюциялық «теорияны» Сталин жолдас әшкереледі. Біздің елімізде социализм жеңіске жетті, қанаушы таптар әлдеқашан талқандалып, жойылды. Алайда, буржуазиялық идеологияның қалдықтары, жеке меншіктілік психология мен моральдің қалдықтары бізде әлі де бар екенін, буржуазиялық көзқарастар мен буржуазиялық моральді таратушылар, тірі адамдар, халқымыздың астыртын жаулары әлі де бар екенін ұмытуға болмайды. ССРО-дан тысқары жердегі бізге дұшпан адамдар бұл жауларды тікелей қолдап отырады.

«Тап күресінің сферасы ССРО көлемінде ғана болып отырады деп ойлау қате болған болар еді,—деп көрсетті Сталин жолдас 1937 жылы. — Егер тап күресінің бір шеті ССРО шеңберінде жүріп отырса, оның екінші шеті бізді қоршап отырған буржуазиялық мемлекеттермен ұштасып жатады. Мұны талқандалған таптардың қалдықтары біледі, олар осыны біліп отырғандықтан, олар бұдан былай да жан таласа әрекет істейді».

Қанаушы таптар жойылып, советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігі орнатылғаннан кейін ССРО үшін тап күресінің салмағы халықаралық майданға ауысты, бізге дұшпан капиталистік қоршауға қарсы ауысты; бұл капиталистік қоршау, Совет Одағына тап беру үшін көп қолайлы кезеңін күтуде.

Совет халқы фашистік агрессорларды талқандады, өз Отанының намысын, бостандығын және тәуелсіздігін қорғап қалды. Алайда, капиталистік дүние тарапынан жанадан империалистік агрессия жасау хауіі, зиянкестік, диверсия және шпиондық жасау хауіі жойылған жоқ.

Империалистік мемлекеттер Отанымыздың күші мен ел қорғау қабілетін нашарлатуға тырысып, Совет Одағына өздерінің зиянкестерін, диверсанттарын, кісі өлтіру-

жұмыстардың, еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің аса зор маңызы бар. Партия: коммунистерді және барлық еңбекшілерді Отанға шын берілгендік, Советтік мемлекеттің қорғаныс күшін мейлінше нығайтуға қамқорлық рухында, саяси жағраы қырағылық рухында тәрбиелеу керек деп үйретеді. Идеологиялық жұмысқа көңіл бөлу нашарлаған кезде, бізге дұшпандық көзқарастар мен түсініктердің жандануына қолайлы жағдай туғызылатынын ұмытпау керек.

Еңбекшілерді тәрбиелеудің негізі—барлық халықтарға бостандық пен бақыттың өмір жолын нұрландырып көрсетуші ұлы революциялық ілім — марксизм-ленинизм болып табылады. Марксизм-ленинизм тап күресінің заңдары білімімен қаруландырады, қандай пердені бетке ұстаса да жауды танып, әшкерелеуді үйретеді. Партия бұқара арасында маркстік-лениндік идеяларды насихаттауға, кадрларымыздың саяси дәрежесін арттыруға ерекше маңыз береді. Мемлекеттік және партиялық жұмыстың қандай саласында болса да, қызметкерлеріміздің маркстік-лениндік саналылығы неғұрлым жоғары болса, жұмыстың өзі солғұрлым жоғары және жемісті болады. Идеялық-саяси әсердің барлық құралдарын — насихатымызды, үгітімізді, баспасөзімізді, коммунистердің идеологиялық әзірлігін жақсартуға, жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның саяси қырағылығын күшейтуге бағыттап отыру керек.

Есімізге зиянды және хауіпті төдмейілдік және табысқа масаттанушылық пиғылдарын, сәнпаздық және жайбарақаттық белгілерін біржолата жою, жұмысымыздағы кемшіліктерді батыл ашып жію, төменнен көтерілген өзара сын мен сынды кең өрістетуге біздің міндетіміз.

Коммунистік партия совет халқын сеніммен жеңістен-жеңіске бастап келеді. Ұрыстарда талай сындардан өтіп шыныққан Ленин — Сталин партиясының басшылығымен Совет Одағының халықтары ұлы мақсатты жүзеге асыру үшін — елімізде коммунизм орнату үшін ойдағыдай жүресуде. («Правданың» 31 январьдағы басмақаласы).

ұысқа түсу үшін ұсынған.

Иващенко Михаил Карпович — 1907 жылы туған, партияда жоқ, Петропавл МТС-нің трактор бригадасының бригадирі, Чапаев атындағы ауылшаруашылық артели мүшелерінің жалпы жыйналысы № 9 Чапаев сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ұсынған.

Дедов Константин Тимофеевич — 1925 жылы туған, СОКП мүшесі, еңбекшілер депутаттары Бескөл селолық Советі атқарушының председателі, Петропавл МТС-нің жұмысшылары мен қызметшілерінің жалпы жыйналысы № 10 Бескөл сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ұсынған.

Шманов Павел Радионович — 1922 жылы туған, СОКП мүшесі, аудандық Финанс бөлімінің меңгерушісі, Ақбас совхозының жұмысшылары мен қызметшілерінің жалпы жыйналысы № 11 Ақбас сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ұсынған.

Декастро Людмила Валентиновна — 1920 жылы туған, СОКП мүшесі, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, № 2 Қарағанды развезінің жұмысшылары мен қызметшілерінің жалпы жыйналысы № 12 Қара-

ғанды туған, СОКП мүшесі, Қарағандық комитетінің секретары, Петропавлдың ауыл шаруашылығын механикаландыру мектебінің жұмысшылары мен қызметшілерінің және оқушыларының жалпы жыйналысы № 22 Ново-Павловка сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ұсынған.

Щецуринов Иван Денисович — 1891 жылы туған, СОКП мүшесі, ССРО дайындау Министрлігінің Петропавл ауданы бойынша өкілі «Қазақстанның 30 жылдығы» ауылшаруашылық артели мүшелерінің № 23 Березовка сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ұсынған.

Михайлова Анна Никандровна — 1923 жылы туған, СОКП мүшесі, еңбекшілер депутаттары аудандық Совет атқарушы секретары, Пушкин атындағы ауылшаруашылық артели мүшелерінің жалпы жыйналысы № 24 Ольчанск сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ұсынған.

Ситников Игорь Иванович — 1918 жылы туған, СОКП мүшесі, Мемлекет хауіпсіздігі Министрлігінің аудандық бөлімінің бастығы, № 25 сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ұсынған.

Малшылар сайлау күніне тарту әзірлеуде

«Бұлақ» ауылшаруашылық артелинің (Ленин ауданы) мүшелері бақташы Б. Бектемісов, шопан Қ. Жолдаяқов жолдас-тардың мал шаруашылығындағы өнегелі ісін орынды мақтан етеді. Өйткені, олар мал шаруашылығында табысты еңбек етіп жүр.

Үстіміздегі жылы колхоз басқармасы жұмыс малдарын күтіп бағуға Бектемісов жолдасы бөлі. Ол мал қыстату жұмыстарын алғашқы күндерден бастап тыңғылықты жүргізді. Таңдаулы малшы қарамағындағы малды дұрыс жайлап, азықтадырады. Жемшөпті малға күбе-күн нормаға сай беріп отырады.

Көзір Бектемісов жолдасының қарамағындағы жұмыс малдарының қорасы жылы, шебі мол, күтімі жақсы.

Сол сияқты, шопан Қ. Жолдаяқов жолдас та қойды бағып күтуді тыңғылықты ұйымдастыруда. Осы арқылы ол қарамағындағы қойларды күйлі және шығынсыз өсіруге жетісіп жүр. Ол қозылайтын қойларды жақсы күтімде ұстауда. Қойлар біртіндеп қозылай бастады. Шопан алынған қозыларды тыңғылықты күтімде ұстап, шығынсыз өсіріп жүр.

Бұл күндері озат малшылар жергілікті Советтердің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұштасулы. Олардың мақсаты — мал қыстатуды үлгілі өткізіп, сайлау күнін жаңа зор өндірістік табыстармен қарсы алу.

Қ. ҚАЗБЕКОВ.

инизмді үйренушілерге көмек

ТҰРМЫСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЛАРЫ ТУРАЛЫ

аркс.— адам қатнастар болып алды.

Сталин жолдас ел-жұрттың, халықтың өсуі жөніндегі мальтустік «теорияны» әшкерелеп былай деп жазды: «Егер ел-жұрттың өсуі қоғамдық дамудың шешуші күші болып табылса, халықтың неғұрлым артық тығыздығы қоғамдық құрылыстың тиісті жоғарғы түрін міндетті түрде жарыққа шығарған болар еді. Алайда, іс жүзінде бұл байқалмай отыр... Бельгияда халықтың тығыздығы Америка Құрама Штаттарындағыдан 19 есе артық, ССРО-дағыдан 26 есе артық, алайда, қоғамдық даму тұрғысынан қарағанда, Америка Құрама Штаттары Бельгиядан жоғары. ал, ССРО-дан Бельгия бүкіл бір тарихи дәуір кейін қалды; өйткені ССРО капитализмді әлдеқашан құртып, өзінде социалистік құрылыс орнатып отырған да, Бельгияда капиталистік құрылыс үстем болып отыр.

Ал, бұдан шығатыны — ел-жұрттың өсуі қоғамдық құрылыстың сыйпатын, қоғамның бет-бейнесін анықтайтын қоғам дамуының басты күші емес және басты күші бола алмайды».

Сонымен, географиялық орта мен ел-жұрттың өсуі қоғам тұрмысының материалдық жағдайлары системасында басты күштер бола алмайды. Олай болса, қоғамның бет-бейнесін, қоғамдық құрылыстың сыйпатын, қоғамның бір құрылыстан екінші құрылысқа дамуын анықтайтын басты күш не?

«Тарихи материализм, — дейді Сталин жолдас, — осындай күш деп адамдардың өмір сүруіне хажетті, тұрмысқа керекті құралдарды табудың тәсілін, қоғамның өмір сүруін, тамы алуы үшін хажетті

а) өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктену формалары;

б) осыдан келіп шығатын, өртүрлі әлеуметтік топтардың өндірістегі күйі және олардың өзара қатнасы, немесе Маркс айтқандай: «Өз қызметтерімен өзара айырбас жасау»;

в) өнім бөлісудің соларға толық байланысты формалары. Осының бәрі бірігіп саяси экономияның қызметі болып табылады».

Сталин жолдас өндірістік қатнастар қапаудан азат адамдардың ынтымақтасу және өзара көмектесу қатнастары болуы мүмкін, олар үстемдік жүргізу және бағыну қатнастары болуы мүмкін, олар, ақырында, өндірістік қатнастардың бір түрінен екінші түріне көшу қатнастары болуы мүмкін деп көрсетеді.

Сталин жолдас өндірістік қатнастардың сыйпаты өндіріс құралдарына қатнаса, яғни өндіріс құралдары кімнің қолында, бүкіл қоғамның қолында ма, әлде оларды басқа адамдарды, таштарды қанау үшін пайдаланатын жеке адамдардың, топтардың, таштардың қолында ма? — Міне, осыған байланысты деп үйретеді.

Мұнымен бірге, Сталин жолдас «Диалектикалық және тарихи материализмде» өндіргіш күштердің және бұған сәйкес өндірістік қатнастардың: алғашқы-қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік, социалистік қатнастардың дамуы схемасын көрсетті.

Сталин жолдас марксизм тарихында тұңғыш рет өндірістің үш өзгешелігін ашты.

Өндірістің бірінші өзгешелігі мынада, — деп үйретеді Сталин жолдас. — Өндіріс сыйып қатнастарымен өзара айырбас жасау

Бүгін жау самолеттерін атқыштар жаудың бір самолетін атып түсірді, үш самолетін зияндады.

ПХЕНЬЯН, 1 февраль. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 1 февральда мынаны хабарлады: Өткен күн бойына Халық армиясының құрамалары мен қытай халық еріктілері барлық майдандарда американо-ағылшын интервенттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы артиллериялық ұрыстар жүргізді.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері мен жау самолетін атқыштар жаудың 4 самолет атып түсірді, 2 самолетін зияндады.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 31 январь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары мен қытай халық еріктілері бөлімдерінің барлық майдандарда американо-ағылшын интервенттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы артиллериялық ұрыстар жүргізгендігін хабарлады.

Кеше түнде американо бомбардировщиктері Пхеньянның төңірегіндегі ешқандай соғыс объектілері жоқ аудандарына қарақшылық әуе шабуылын жасап, оларды бомбалады. Бейбіт тұрғын адамдардан көп өлгендер және жараланғандар бар, ондаған тұрғын үйлер және жер үйлер қырылған.

Пакистандағы азық-түлік жайының ауырлығы

КАРАЧИ, 31 январь. (СОТА). Азық-түлік дағдарысы кәзіргі уақытта Пакистандағы ең ауыр мәселелердің бірі. Үстіміздегі финанс жылында үкмет шетелдерден 700 мың тонна бидай сатып әкелуге сөйтіп, бұған басқа шығындарға арналған мемлекеттік бюджет қаржыларының едәуір бөлігін жұмсауға мәжбүр болды.

«Ивнинг таймс» газетінің бүгінгі хабарына қарағанда, елді азықпен қамтамасыз ету үшін алдағы финанс жылында шығындар бұдан да өсе түсетін, шамамен алғанда 500 миллион рупий яғни бүкіл жылдық бюджеттің төрттен бір бөлігіндей болатын көрінеді.

Үкмет өкілдерінің сөйлеген сөздерінде келтірілген мәліметтер барлық провинцияларда азықтық дақылдар егісінің көлемі одан әрі қысқартылғандығын көрсетеді.

Азықтың жеткіліксіздігі және бағаның қымбатшылығы әйбөкшілер бұқарасын

винцияларындағы нағыз аштықты суреттейді. Мәселен, «Имроз» газеті Сялкотқа (Батыс Пенджаб) жақын аудандарда бидай мүлдем табылмайды деп жазады. Халық жапырақтармен және овощтермен тамақтанады. Халықтың көпшілігі ең соңғы болмашы нәрселерін сатып, қалаға кетуге мәжбүр болады.

Суккурдан (Синд провинциясы) түскен хабарда күн сайын Бахавалиф князьдігінен Суккур қаласына бір үзім нан іздеген 200—300 адамдар келеді делінген.

Ресми мәліметтерге қарағанда, Рори қаласында қайыршы-босқындардың саны ондаған мың адамдарға жетеді. Лас-Бала (Белуджистан) князьдігінде де жағдай осындай. Бұл князьдіктің мүсіман одағы ұйымы председателінің орынбасары Махмуд Хусейннің мәлімдеуі бойынша, тамақ іздеп адамдар Пакистанның астанасы Карачиге баратын көрінеді. Мұнда кәзірдің өзінде он мың шамалы адам келген. Хусейн өзі де жағдай былай бола берсе

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері мен жау самолетін атқыштар жаудың 4 самолет атып түсірді, 2 самолетін зияндады.

тің қанаушылық әдісін қорғау, капиталистік өндіріс әдісінің «мәңгілігін дәлелдеуге» тырысушылық идеясы жатады.

Қоғамның дамуында географиялық ортаның атқаратын ролі туралы мәселелі марксизм-ленинизм ғана дұрыс шешті. Маркс пен Энгельс жасаған, ал, Ленин мен Сталин творчестволықпен алға дамытқан тарихи материализм географиялық бағыттың жалған ғылыми теорияларына күйрете соққы берді.

Сталин жолдас «Диалектикалық және тарихи материализм туралы» деген еңбегінде географиялық орта мәселесі жөніндегі жалған теориясымақтарды тереңнен ашкөреледі. Сталин жолдас атап көрсеткендей, географиялық орта қоғамның материалдық тұрмысының тұрақты және қажетті жағдайларының бірі, ол қоғамның дамуына оны не тездегі, не баяулатып өзінің әсерін тигізеді. Бірақ, ол қоғамның дамуында шешуші фактор бола алмайды, өйткені қоғамның дамуындағы өзгерістер географиялық ортаның дамуындағы өзгерістерден гөрі анағұрлым тез өтеді.

«Үш мың жылдың ішінде, — дейді Сталин жолдас, —Европада әртүрлі үш қоғамдық құрылыс: алғашқы -қауымдық құрылыс, құл иеленушілік құрылыс, феодалды құрылыс ауысып үлгірді, ал, Европаның шығыс жағында, СССР-да тіпті қоғамдық төрт құрылыс ауысып үлгірді. Оның бер жағында, сол дәуірдің ішінде Европадағы географиялық жағдайлар не мүлдем өзгерген жоқ, не өте аз өзгерді, бұлар туралы тіпті география өзі де ешнәрсені айта алмай отыр».

Олай болса, географиялық жағдай қоғам дамуының негізінде жатқан негізгі себеп болып табылмайды. Ол материалдық игіліктерді өндірудің қажетті табиғи негізі ғана. Адамдар материалдық игіліктерді өндіру процесінде табиғатпен күресуге, оны өзіне бағындыруға тиісті болады, ал бұл географиялық ортаның қандай болсын бір элементін пайдаланбайынша мүмкін емес.

муы үшін зиянды дейді. Халықтың өсуі оның тығыздығы қоғамның дамуы үшін зиянды, халық өте-мөте тез өседі, сонымен, оның саны тіршілікке қажетті материалдық игіліктерге сәйкес келмейді, олай болса, халықтың санын кеміту өсуін тоқтату керек деген реакцияшы теорияны жасаушы XVIII ғасырдағы ағылшын экономисі Мальтус. Мальтустың және мальтусшілердің айтуынша, капиталистік өндіріс тәсілінің кемшіліктері, халықтың қайыршылығы, жұмыссыздық саяси және қоғамдық құрылысқа байланысты емес, оған керісінше, табиғаттың заңдарына байланысты болады. Бұл «теорияны» өмірдің өзі жоққа шығарып отыр.

Мальтустың теориясы империалистік буржуазияның идеологиялық қаруы болып келеді. Бір кезде өзінің «дүниежүзілік үстемдік» саясатын негіздеу үшін бұл «теорияны» гитлершіл фашистер қолданды. Кәзір американдық империалистері сол «дүниежүзілік үстемдік» саясатын жүзеге асыру үшін нәсілшілдік-мальтустік теорияны жаңа соғыс өртіні тұтату үшін идеологиялық қару ретінде қолдануда.

Кәзір мальтусшілер еңбекшілер бұқарасы тұрмысының ауырлығының себебі шаруашылықтың капиталистік система-сында, империалистердің агрессияшы саясатында деп емес, ал, жер үстінде халықтың «көптігінде» деп бағалайды. Мәселен, американдық мальтусші Пендлел 1951 жылы шыққан «Халықтың тоқтаусыз өсуі» деген кітабында халықтың өсуін кәзіргі дүниежүзіндегі ең ауыр бақытсыздық деп лағын, халықтың санын 700 миллионға азайтуды ұсынады.

АҚШ-та және басқа империалистік елдерде мальтусшілердің теориялары мен программалары жасалып қана жатқан жоқ, сонымен қабат, оларды империалистік соғыс өртіні тұтатушылар жүзеге де асыруда. Арнаулы тұтқын лагерлері, Кореяда соғыс тұтқындарын өлтіру, Вьетнамда және Филиппинде бейбіт адамдар-нәсілшілдік теория мемлекеттік идеология

ның өсуі адамдар табиғатты өзгертетін процесс болып табылады.

Өндіргіш күштер өндіріс тәсілінің қандайының болсын негізгі жақтарының бірі болып есептеледі. Ал, оның екінші жағын адамдардың өндіріс процесіндегі бір-біріне қатнасы, өндірістік қатнастар құрайды. Адамдар табиғатпен күрес жүргізгенде мұны біріншісі бірі снаша, дара, адамдар ретінде істемейді, бірігіп, тең болып, қоғам болып істейді. Сондықтан өндіріс әрқашан және барлық жағдайда қоғамдық өндіріс болып табылады.

«Материалдық игіліктер өндіруді жүзеге асыра отырып, —дейді Сталин жолдас, —адамдар өздерінің арасында өндіріс ішіндегі белгілі бір қатнастарды, белгілі бір өндірістік қатнастарды орнатады».

Марксизм-ленинизм классиктері өндірістік қатнастардың материалдық негізін өндіріс құралдарына меншік құрайтындығын дәлелдеді. Олай болса, өндіріс құралдарына меншіктің формасы қандай болса, оның өндірістік қатнастары да сондай болады.

Марксизмнің жаулары капиталистік өндірістік қатнастардың негізін қорғап, өндірістік қатнастардың материалдық негіздерін жоққа шығаруға тырысып келеді, өндіріс құралдарына қатнас таптық сыйпаты жоқ құбылыс, немесе адамдарды өндіріске жай ғана орналастыру деп дәлелдеуге тырысады. Олар адамдардың өндіріс процесіндегі бір-біріне қатнасын ұйымдастыру-техникалық қатнас қана деп суреттейді.

Сталин жолдас қоғамдық даму тарихының бүкіл өнбойындағы өндірістік қатнастарға жан-жақты талдау жасап, оның мазмұнын көрсетті. Өзінің «СССР Одағындағы социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегінде Сталин жолдас өндірістік қатнастардың мазмұнын тереңнен сыйпаттады.

«Саяси экономияның қызметі — адамдардың өндірістік, экономикалық қатнастары. Бұған кіретіндер:

лизмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегінде белгілібір өндіріс тәсілінің мәнісін ашып берді. «Сталин жолдасының, —деді Маленков жолдас партияның XIX съезіндегі есепті баяндамасында, —кәзіргі заманғы капитализмнің негізгі экономикалық заңы мен социализмнің негізгі экономикалық заңын беруді маркестік саяси экономияға қосылған аса ірі үлес болып табылады. Негізгі экономикалық заң белгілібір өндіріс тәсілінің мәнін, оның дамуының барлық басты-басты жақтары мен басты-басты процестерін анықтап береді, ол белгілібір экономикалық құрылыстың барлық заңдылықтарын ұғудың және түсінудің тетігін тауып береді».

Кәзіргі заманғы капитализмнің негізгі экономикалық заңы капитализмнің қайшылыққа толы дамуының бүкіл процесін ашуға мүмкіндік береді, империалистік мемлекеттердің тонаушылық, агрессияшылық саясатының себептерін, тамырларын ашады.

Социалистік өндіріс тәсілінің мәнін Сталин жолдас ашқан социализмнің негізгі экономикалық заңы анықтайды, оның елеулі белгілері мен талаптары «бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін жоғарғы техника негізінде социалистік өндірісті үздіксіз өсіріп, жетілдіру жолымен барынша толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету» болып табылады.

Сталин жолдас социалистік өндіріс тәсілінің мақсаты пайда емес, адам, оның мәдени және материалдық қажеттерін өтеу екендігін атап көрсетті. Социализмнің негізгі экономикалық заңын қолдану елдің өндіргіш күштерін үздіксіз өсіруді, еңбекшілер бұқарасының материалдық және мәдени әл-ауқатын үздіксіз көтере беруі қамтамасыз етеді. Капитализммен салыстырғанда социализмнің ұлы күші, артықшылығы, міне, осында.

Қ. ШӘКЕНОВ.
Н. СЫЗДЫҚОВ.

үйіне» және беттеді, онда к
«... С

П А Р И Ж, 31
газетінде Серва жарияланды, о тінді құру тур лау көп ұзамай елді суверенитет соғуы мүмкінді «Американдық төр,—өзінің кө

Л О Н Д О Н, 30
агенттігінің хаб риядағы америк асы болып таб болған, мұның

Газетіміздің с аында «Соци нен алынып жа тығының туы а ның соңында ж



«УДАРНИК»

Бүгін

«ҚАСҚЫР»

Сеанстар сағат

Касса сағат

«ОКТЯБРЬ»

Бүгін

Сеанстар сағат

Касса сағат

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор - партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табы